

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа»бөбекжай балабақшасы»



Тәрбишісі: Оразбаева Ұлжан.

Қош келдің жаңа жыл!

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның, Ақшақардың, Қызылтелпектің карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Қатысушылар: жүргізуші, Аязата, Ақшақар, Қызылтелпек, екі мысық, ит, қасқыр балалар, ата - аналар.. Музыка ойнап тұрады.

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар, ата аналар, балабақша бүлдіршіндері! Жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Келе жатқан доңыз жылы бәріңізге жаңа бақыт, жаңа қуаныш әкелсін. Еліміздің еңсесі биіктеп, аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын! Қош келдің Жаңа жыл!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Жаңа жылдың таңы неткен арайлы, Ақ мамыққа орап алып маңайын. Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн, Қанаттана кең алқапқа тарайды.

Ең алдымен жаңа жылмен құттықтау сөзі балабақша меңгерушісі: Оспанова Ермек Турдиевнаға беріледі.

Қызылтелпек: Сәлеметсіздерме балалар, сәлеметсіздерме қонақтар. Мен - Қызыл телпекпін, апамды жаңа жылмен құттықтауға бара жатырмын. Міне бәлішіммен сары майым. Бірақ апамның үйі алыс, мен достарымды шақырайын, біз ән шырқап, билеп, ойын ойнап тез жетеміз деп қолындағы қолындағы себетін шыршанын астына қойып дем алады.

Сол кезде екі мысық келіп Қызылтелпектің қойған себетін тауып алады.

Мысық : Менің атым Алиса. Бұл орманда менен асқан сулу жануар жоқ шығар, мынандай ақымақтан гөрі менің қарыным үнемі тоқ, ғажайып әлемінде мен ең танымал мысықпын. Қара мына шыршаның астында бір нәрсе жалт-жұлт етеді. **2-ші мысық:** Кәне-кәне мен еш нәрсе көріп тұрған жоқпын. **Алиса мысық:** үй соқыр кара-кара, міне-міне себет, сенен еш пайда жоқ. Бізді мерекеге шақырмай өздері тойлап жатыр екен, ей мысық мына себетті тығып тастайық, деп екі мысық Қызылтелпектің себетін алып кетіп қалады.

Қызылтелпек: Демалып алып Қызылтелпек себетін алып ары қарай жолға шығып әжесіне бармақ болып шыршаның астындағы себетін қараса жоқ болады. Қызылтелпек жылайды. Сол кезде

Қасқыр: р-р-р мұнда не шу? О, Қызылтелпек осында екенсің ғой? Не болды саған? Неге жылап отырсың?

Қызылтелпек: қалай жыламайын мен әжеме жаңа жылға бәліш пен сарымай апара жатыр едім, шаршап себетімді шыршаның астына тығып қойғам, дем алып болған соң, себетімді қарасам қойған орнында жоқ. Енді әжеме қалай құр қол барам?

Қасқыр: О мынау мен іздеген Қызылтелпек қой Бұның себетін мен бірінші тауып бәліш пен сары майын жеп қоямын, қарным аш.

Қызылтелпек: итін шақырады. Маған тездеп себетімді тауып берші қасқырдан бұрын әйтпесе қасқыр әжеме апара жатқан бәлішпен сары майымды жеп қоймақшы. Әжеме сонда құр қол қалай барам.

Ит: тез арада себеттің орнын искелеп, ізінен себетті ұрлаған мысықтарды ұстап әкеледі.

Ит: мен сендерге көрсетейін бірудің себетін ұрлаған қалай екенін

Екі мысық: біз себеттегі бәлішпен сары майға тискен жоқпыз біз аш емеспіз – деп себетті Қызылтелпекке қайтарады.

Қызылтелпек: итке рахметін айтады, рахмет саған итім сен нағыз менің досымсың сенің арқанда әжеме құр қол бармайтын болдым.

Мұны естеген қасқыр ызаланып, **Қасқыр:** онда мен аяз атаның алдынан шығып, аяз атаны жеймін. Ол үлкен әрі тәтті ішінде көп кәмпиті бар. Жаңа жыл болмайды сендерге. Ха-ха-ха

Қызылтелпек: Қой қасқыр мұның не сенің Аяз атаға тиспе балаларымыз сыйлықсыз қалады ғой, әрі Аяз атаның саған да сыйлығы бар шығар беретін.

Тәрбиеші: Кәне балалар Аяз атамен Ақшақарды шақырайықшы. 1-2-3 Аяз ата, Ақшақар. (залға аяз атамен ақшақар кіреді)

Аяз ата: Амансын ба, ұлдарым, Амансын ба, қыздарым, Қандай әсем жүздерің, Қандай мөлдір көздерің, Керемет бір ән тыңдап, Келіп тұр-ау демалғым



Ақшақар : Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жүлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ

Аяз ата: Қасқыр сен мұнда неғып жүрсің?

Қызылтелпек : Аяз ата, қасқыр сізді жеймін,- деді

Аяз ата: Немене, қасқыр мені жемекші ме? Мен оны жеймін (аяз ата қасқырды қуалап, шыршаны айналады)

Қасқыр: Көмектесіндер, құтқарындар.

Ақшақар: Аяз ата тоқтаныз, оны жеменіз, ол дәмсіз ғой . (қасқыр ақшақардын артына тығылады)

Аяз ата: Қасқыр сен уәде бер, жаңа жылда ешкімді жемеймін деп. Балалармен дос бол.

Қасқыр: жарайды, жарайды. Дұрыс айтасың.

Аяз ата: Онда мерекемізді жалғастырайық. Балалар шыршамыздың шамдары жанбапты ғой .

Аяз ата: Қане балалар тұрайық, Көңілді шеңбер құрайық Сикырлы сөзді айтайық. (балалар бірге) Қуант бізді таныркат, Шамдарыңды жарқырат (деп шырша шамы жағылады)

Тәрбиеші:

Өлең айтып, би билеп,

Көңілденіп жүреміз!

Кәне ұлдар, кәне қыздар,

Би билейміз бәріміз!

Алдарыңызда Балдырған тобының «Шырша» биін тамашаланыздар

Тәрбиеші: Ал балалар кәне аяз атаға дайындаған тақпақтарын бар ма?

Мол сыйлықпен келер ол

Шырқатып ән салар ем

Жылдамырақ келсе екен

Бізге сыйлық берсе екен

Көрдің бе Аяз атаны

Аппақ екен сақалы.

Аппақ екен мұрты да

Аппақ екен шапаны

Еркежан

Бүгін біз көңілдіміз,

Жаңа жылды қарсы алып.

Мерекеге келгендерді

Құттықтаймыз ән салып

Аяз ата жол салып,

Ақ боранмен алысқан.

Балаларға базарлық,

Алып келді алыстан

Алинұр

.Кел, балалар , тақпақты

Тақылдатып айтайық

Аяз ата таң қалсын

Сыйлық алып қайтайық

Гүлім

Аяз ата тыңдаңыз

Тақпақ айтып берейік

Ортамызда шыршамыз,
Ойнап бірге, күлейік.
Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз
Жаңа жыл, Жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр
Айсын

Тақпақтарды жаттадық.
Би биледік көрсін деп.
Аяз ата қуанып,
Бізге риза болсын деп.
Қыс қызығы тамаша (**Құралай**)
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғассын
Жаңа жылға тамаша!

Солташ

Аяз ата, Аяз ата
Сені күтіп жүрдік біз
Томпаң қағып арқаланып
Келеріңе сендік біз.

Мөлдір

Жаңа жылда барлық үйге
Аяз ата келеді
Жаңа жылда сәбилерге
Сыйлық әкеп береді.

Қолымызды ұстайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Жаңа жылды би билеп,
Әнмен қарсы алайық!
Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Тәрбиеші: Ал енді ойын ойнап сергіп қалайық Ойын: Қар
қиыршықтарын екі бала жарысып жинау
Тәрбиеші: Келесі кезекте «Балауса» тоб ұлдарының
«Сантаклаустар» биі тамашаланыздар.

Ақшақар: мен білемін бір ойын: Үйретейін сендерге мен бастаймын, ал сендер аяқтаңдар ойынды. Хормен жауап айтыңдар!

Қарға мүлгіп дала тұр, Келе жатыр **Балалар:** Жаңа жыл! Қызыл мұрын, ақ мұртты Білсең атын тез ата, Келеді бізге **Балалар:** Аяз ата Көңілсіз бір бала жоқ, Ойын- күлкі таралсын Құтты болсын **Балалар:** Жаңа жыл

Тәрбиеші: Ал енді ата аналармен ойын ойнайық

Ойын: «Қар жасау»

Шарты: екі топта бір-бір атана шығып қайшымен қидалап 1 минутта қандай әдемі қар (снежинка) жасайды екен.

Тәрбиеші: ендігі кезекте «Балауса» тобының ақшақар биін қарсы алайық.

Тәрбиеші:

Мен суретші боламын,

Бәрінді де саламын.

Марапатқа ие болып,

Бірінші орын аламын – дей отыра екі топтан бір-бір атана шығып қыл қаламмен аузымен ақ қағаз бетіне шыршанын суретін салу.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, аяз ата

Аяз ата: -Аяздардан қорықпаңдар,

Шаңғы, шана тебіндер.

Денсаулықтарың мықты боп,

Қош, сау болып тұрыңдар.

(Аяз ата, Ақшақар, Қасқыр қоштасып шығып кетеді)

Тәрбиеші : -Бүгінгі күн тамаша,

Есте болар әрқашан.

Біздің көңілді жаңа жылды,

Ұмытпаймыз ешқашан—дей отыра ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!! Келесі жылымызда аман есен кездескенше ! Сау саламатта болыңыздар!